



«Улытау облысының
экономика басқармасы» ММ
басшысының м.а.
2022 жылғы «6» Қыркүйек
№ 7 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

Улытау облысы білім басқармасының
«Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - мемлекеттік мекеме) дарынды тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне сәйкес оқыту мен тәрбиелеу, дарынды балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай тудыру, денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде білім алушының өздігімен және қосымша білім алуын қанағаттандыру мүмкіндіктерін жасау функцияларын жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мемлекеттік мекеме 2022 жылдың 10 тамыздағы Ұлытау облысы әкімдігінің «Ұлытау облысы білім беру ұйымдарын қайта атау туралы» №08/04 қайта аталды.
4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ұлытау облысының әкімдігі болып табылады.
5. Коммуналдық заңды тұлғаны басқаруды жүзеге асыратын орган ретінде «Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің толық атауы:
мемлекеттік тілде: Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Специализированная школа-интернат имени Абая» управления образования области Ұлытау.
7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, 100600, Ұлытау облысы, Жезказған қаласы, Алашахан даңғылы, 43-Д ғимараты.

2 - тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.
9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.
10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе «Ұлытау облысының білім басқармасы» ММ тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.
11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3 - тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бейінін бөле отырып, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру арқылы негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру болып табылады. Бейіндік пәндер қазақ тілі мен қазақ әдебиеті болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаттары:

- дарынды балаларды анықтау және дамыту, оларды оқу-зерттеушілік, ғылыми-жұмысқа баулу;

- ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

- елдің зияткерлік әлеуетін сақтау және көбейту;

- оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру;

- оқуда инновациялық тәсілдерді пайдалану, жеке қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін және оқушының белсенді өмірлік ұстанымын дамыту негізінде болашақ ұлттық элитаны дайындау;

- әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауға қабілетті, өз халқының тарихы мен дәстүрлерін білетін, бірнеше тілді меңгерген, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын көпмәдениетті тұлғаны дамыту.

14. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жалпы орта білім алуға білім алушылардың жайлы және қауіпсіздік өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету болып табылады;

2) келесі білім берудің деңгейлері бойынша оқу бағдарламаларын іске асыру:

- негізгі саты (5-9 сыныптар) - ғылым негіздерін меңгеруге және тұлғааралық, этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған, неғұрлым күрделі танымдық үрдістерге көшу үшін арнайы икем-дағдыларды қалыптастыратын, оқушыларға оқытудың дараланған бағдарламаларын тандауға мүмкіндік беретін, тиісті білімдер саласында ерте бейіндеуді жүзеге асыратын базалық білім беру;

- жоғары саты (10-11 сыныптар) - оқушыларды мемлекеттік мекеме бағытталуына сәйкес келетін жекелеген пәндер бойынша жоғары күрделілік деңгейінде оқыту, бейіндік пәндер бойынша қосымша курстарды меңгерту, дараланған және жекелеген оқыту негізінде дербес шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыру және дамыту;

3) дарынды балаларды оқытудың дараландырылған сипатын және білім алушылардың мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету;

4) құзыретті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгерту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

5) дарынды балалардың өзіндік, жобалық және зерттеу қызметінің дағдыларын жетілдіру;

6) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

7) ұлттық мақтаныш сезіміне, азаматтық қадір-қасиетке, Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халықтық дәстүрлерді қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге ие азамат пен патриоттың әлеуметтік белсенді тұлғасын қалыптастыру;

8) мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқушыларды қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес түсу емтиханын ойдағыдай тапсырған білім алушылар мемлекеттік мекемеге қабылданады.

9) білім берудің негізгі сатысын аяқтаған соң, білім алушылар жылдық баға қорытындылары бойынша (үш «қанағаттанарлық» бағадан артық болмаған жағдайда), педагогикалық кеңестің шешімімен, ата-аналар мен өзге де заңды өкілдердің өтініші бойынша 10 сыныптарға қабылданады;

10) директордың бұйрығы бойынша мемлекеттік мекемеге қабылданған білім алушылардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен екі жақты келісім-шарт жасалады.

11) мемлекеттік мекеме білім беру процесін ұйымдастыруды мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарларының негізінде әзірленген жұмыс жоспары бойынша жүзеге асырады.

12) оқыту тілі мемлекеттік тіл (қазақ тілі);

13) мемлекеттік мекеме оқушылардың сұраныстарына және кадрлық әлеуеттің мүмкіндіктеріне сәйкес бейіндік пәндер, сондай-ақ қолданбалы курстар мен факультативтер ішіндегі білім саласын айқындайды;

14) мемлекеттік мекеме топтар бойынша сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті кесте, деңгейлік бөлу жүйесі, консультациялар, кіші топтар бойынша оқытудың негізгі және жоғары сатыларында ерте бейіндеуді ұйымдастыру, түлектерді ЖОО-да саналы және дербес шығармашылық оқытуға дайындау мақсатында таңдау бойынша пәндер арқылы бейінді саралауды іске асырады;

15) мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқыту нысандарын, құралдары мен әдісін, сондай-ақ оқу-тәрбие процесін, ғылыми-педагогикалық қызметті ұйымдастыру тәртібін дербес таңдайды;

16) білім алушылардың білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруіне мемлекеттік мекеме білімге ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүзеге асырады, педагогтер оқыту тілінде әрбір тақырып пен бөлім бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламалық материалын меңгеруін тексеру мақсатында барлық оқу пәндері бойынша жүзеге асырады:

- білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жылы аяқталғаннан кейін 5-8, 10 сыныптарда өткізіледі, аралық аттестаттауды өткізу нысандары мен мерзімдері мектептің педагогикалық кеңесінің шешімімен белгіленеді;

- оқыған пәндер бойынша «5» деген баға алған, бағалары негізгі орта білім туралы аттестаттың қосымшасына енгізілген 9-сынып бітірушілеріне негізгі орта білім туралы үздік аттестат беріледі;

- оқыған пәндер бойынша «5» деген баға алған, бағалары жалпы орта білім туралы аттестат қосымшасына енгізілген 11-сынып бітірушілеріне жалпы орта білім туралы үздік аттестат беріледі;

- 5-сыныптан 11-сыныпқа дейін үлгілі тәртіп көрсеткен, барлық оқу пәндері бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған және жалпы орта білім алуы аяқтау бойынша қорытынды аттестаттаудан тек «5» деген бағамен өткен 11-сынып бітірушілеріне жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты және «Алтын белгі» белгісі қоса беріледі;

17) білім алушыларды оқудан шығару педагогикалық кеңестің шешімімен үлгерім нәтижелері бойынша жүзеге асырылады: оқытылатын оқу пәндерінен үштен артық «қанағаттанарлық» токсандық баға болған жағдайда тұрғылықты жеріндегі мектепте оқуын жалғастыру үшін, сондай-ақ, заңға қайшы әрекеттер жасағаны, мемлекеттік мекеменің жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін бір рет өрескел бұзғаны үшін және денсаулығына байланысты, медициналық қорытынды негізінде;

18) білім алушылар ата-анасының біреуі немесе басқа да заңды өкілінің өтініш берген кезде белгіленген тәртіппен интернатта орындармен қамтамасыз етіледі;

19) мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпы білім берудің мемлекеттік – жалпыға міндетті стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, ақылы негізде мынадай тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсынады:

- қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен мүдделерді дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);

- оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

- пәндер (пәндер және пәндер циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагогтар мен ересек тұрғындар арасында спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және іске асыру жөніндегі түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіруді және өткізуді ұйымдастыру;

- ғылыми зерттеулер жүргізу;

20) білім алушылар құқылы:

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

- жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары негізінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде мектептің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша оқуға;

- оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

- мектептің ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және құралдармен қамтамасыз етілуге;

- спорттық, кітап оқу, жлын залдарын, компьютерлік сыныптарды және

кітапхананы тегін пайдалануға;

- өз пікірі мен көзқарасын еркін білдіруге;

- оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін марапатталуға және сыйақы алуға;

21) білім алушылар міндетті:

- мемлекеттік мекеменің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін орындауға;

- мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауға және адал оқуға;

- басқа оқушылар мен оқу орнының қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- мемлекеттік мекеме көрсеткен мектеп формасын киюге;

22) ата-аналар және өзге де заңды өкілдер құқылы:

- мемлекеттік мекеме ұсынатын мүмкіндіктер шеңберінде оқу нысанын таңдауға,

- білім алушының жеке бейімділігі мен ерекшеліктері;

- қамқоршылық кеңес немесе ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмысына қатысуға;

- білім алушының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

- білім алушыны оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға;

23) ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- білім алушының өмірі, білім алуы үшін саламатты және қауіпсіз жағдай жасау, олардың зияткерлік және дене қабілеттерінің дамуын, рухани қалыптасуын қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік мекеменің жарғысында белгіленген ережелердің орындалуын қамтамасыз етуге;

- білім алушының мемлекеттік мекемеде сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

- білім алушының мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен абыройына құрметпен қарауын қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік мекемеде белгіленген стиль мен оны кию тәртібіне сәйкес мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге;

- ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын, мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыпты қарауды қамтамасыз етуге;

- залал келтірілген жағдайда мемлекеттік мекеменің мүлкін толық қалпына келтіруді немесе өтеуді қамтамасыз етуге;

- сабақтан тыс уақытта, оның ішінде каникулдық уақытта білім алушының бос уақытын, жұмыспен қамтылуын және тәрбиесін ұйымдастыру үшін толық жауапты болуға;

- мемлекеттік мекемеден білім алушыларды каникул, мереке және іс-шаралар кезінде уақытында алуға; өзге өкілдер - тек нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша.

24) мемлекеттік мекемені басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы жарғыға сәйкес жүзеге асырылады. Алқалы басқарудың нысаны - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогикалық кеңес болып табылады;

25) мемлекеттік мекемені тікелей басқаруды директор жүзеге асырады;

26) директор жауапты:

- мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің біліктілік деңгейі, оқу жоспарлары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асырганы үшін, білім алушылардың білім сапасы, өмірі мен денсаулығы, оқу процесі кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме оқушылары мен қызметкерлерінің құқықтары және бостандықтарын сақтауға.

- нормативтік актілерді, басқару органдарының бұйрықтарын, лауазымдық нұсқаулықта белгіленген қызметтік міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде берілген құқықтарды пайдаланбағаны үшін.

- білім алушының жеке басына қарсы физикалық және (немесе) психикалық зорлық-зомбылыққа байланысты тәрбиенің бір жолғы әдістерін қолданғаны, сондай-ақ кез-келген басқа азғындық әрекеттерді жасағаны үшін директор еңбек заңнамасына сәйкес қызметінен босатылуы мүмкін.

- өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, оқу үдерісін ұйымдастырудың санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін директор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

- объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген іс-шараларды іске асырады.

27) тиісті бейіндер бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар тұлғалар педагогикалық қызметпен айналысуға рұқсат етіледі. Келесі тұлғалар жұмыс істеуге жіберілмейді:

- медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

- психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрған. Жыл сайын, жылына бір рет, оқу жылының басында мұғалім өзінің психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде тіркелмегендігін кез-келген заңды түрде растайды;

- соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес мұғалімнің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекеті шектеулі деп танылған;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізінде жүзеге асырылады;

28) жұмысқа қабылдау кезінде директор тиісті бос мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын басшылыққа алуы керек. Тиісті білімсіз оқытушылық қызметпен айналысуға жол берілмейді. Азаматтарды педагогикалық қызметке қабылдау тәртібін бұзғаны үшін директор жеке жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері тиісті лауазымға немесе қызмет түріне Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады;

29) мектепті басқару формаларының бірі - педагогикалық кеңес. Педагогикалық кеңестің құрамына: директор (төраға), оның орынбасарлары, мұғалімдер, тәрбиешілер, психолог, әлеуметтік педагог кіреді. Мемлекеттік мекеменің білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің отырыстарына ата-аналар комитетінің немесе қамқоршылар кеңесінің мүшелері шақырылады. Педагогикалық кеңестің құрамы оқу жылына білім беру ұйымы жетекшісінің

бұйрығымен бекітіледі. Педагогикалық кеңес өз мүшелерінен бір жыл мерзімге хатшы сайлайды.

30) педагогикалық кеңес келесіні қарастырады:

- білім беру ұйымында құқықтық актілерді іске асыру жөніндегі шаралар;
- оқу және оқу-әдістемелік жұмысының жағдайы, оқытудың барлық түрлерінде оқыту әдістерін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу мәселелері;

- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау мәселелері;

- қорытынды аттестаттау, оқушыларды емтихандарға өткізу, ұсынылған құжаттар негізінде оқушыларды емтихандардан босату, оқушыларды келесі сыныпқа көшіру немесе оларды екінші жылға қалдыру, оқушыларды грамотамен, мақтау қағаздарымен марапаттау, негізгі орта білімді үздік бітіргені туралы куәлік беру, негізгі орта білім курсы аяқтау туралы куәлік, үздік аттестат, орта жалпы білім туралы куәлік, белгіленген үлгідегі анықтамаларды беру;

- оқу жүктемесін бөлу, алдын-ала тарифтеу, аттестаттауға дайындық, мұғалімдерді марапаттау және көтермелеу мәселелері;

31) педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес жүзеге асырылады, педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және білім беру ұйымының жетекшісі бекітеді. Педагогикалық кеңес жылына кем дегенде бес рет жиналады.

15. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға тыйым салынады.

16. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле «Ұлытау облысының білім басқармасы» ММ, Ұлытау облысы әкімдігінің, прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4 - тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемеге жалпы басшылықты «Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

18. «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі міндеттерді атқарады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеме жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді.

«Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

2) «Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ келісімі бойынша

мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

3) өзіне осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4) мемлекеттік мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;

5) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

7) мемлекеттік мекеме директорының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;

8) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

9) мемлекеттік мекеменің даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

10) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

11) мемлекеттік мекеме директорының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеменің директорын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тағайындау қағидаларына сәйкес «Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Мемлекеттік мекеменің директоры мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, «Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мектеп қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзіретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме директорының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Мемлекеттік мекеменің директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен:

1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттарды жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі жоспарларын бекітеді;

6) банк есепшоттарын ашады;

7) мемлекеттік мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын қолданады;

10) өз орынбасарларының және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және «Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен жүктелген өзге де міндеттерді атқарады.

5 - тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

24. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың есебінен қалыптастырылады:

1) оған меншік иесі берген мүлікті;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (акшалай кірістерді қосқанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржылық көздердің есебінен.

25. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметі Ұлытау облысының бюджет есебінен қаржыландырылады.

27. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

28. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жасау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6 - тарау. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

29. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7 - тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы шешімді қабылдаған құрылтайшының немесе органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8 - тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

31. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Ұлытау облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеме заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

33. Мемлекеттік мекемені қайта құруды және таратуды «Ұлытау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Ұлытау облысының экономика басқармасы» мемлекеттік мекемесімен келісім бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

34. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін «Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ қайта бөледі.

35. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9 - тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

36. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Ұлытау облысы білім басқармасының
«Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры


(қолы)

Бажибаева А.С.

УТВЕРЖДЕН

приказом и.о. руководителя
ГУ «Управления экономики
области Улытау»

от «6» сентября 2022 года

№ 7



УСТАВ

коммунального государственного учреждения
«Специализированная школа-интернат имени Абая»
управления образования области Улытау

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Специализированная школа-интернат имени Абая» управления образования области Ұлытау (далее - государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций обучения и воспитания в интересах одаренной личности, общества и государства, обеспечения охраны здоровья, создания благоприятных условий для разностороннего развития одаренных детей, в том числе осуществления возможности удовлетворения обучающегося в самообразовании и получении дополнительного образования.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Государственное учреждение переименовано постановлением акимата области Ұлытау от 10 августа 2022 года №08/04 «О переименовании организаций образования области Ұлытау».

4. Учредителем государственного учреждения является акимат области Ұлытау.

5. Органом, осуществляющим управление государственным учреждением, является государственное учреждение «Управление образования области Ұлытау».

6. Наименование государственного учреждения:

на государственном языке: Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Специализированная школа-интернат имени Абая» управления образования области Ұлытау.

7. Место нахождения государственного учреждения: Республика Казахстан, 100600, область Ұлытау, город Жезказган, проспект Алашахана, здание 43-Д.

2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или ГУ «Управления образования области Ұлытау» средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственных учреждений вступают в

силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. Предмет и цель деятельности государственного учреждения

